**«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің**

**(«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС)**

**облигациялық бағдарламасы шеңберінде**

**ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛМЕЙТІН АТАУЛЫ КУПОНДЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ**

**ЕКІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫ**

# ПРОСПЕКТІ

**саны 2 000 000 (екі миллион) дана**

**сомасы 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге**

| | |
|---|---|
| Облигациялар шығарылымының Проспектісі жасалған күн | 2014 жылғы 1 қараша |
| Қаржылық көрсеткіштер ұсынылған күн | 2014 жылғы 30 қыркүйек |

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу шығарылым проспектісінде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болмасын ұсыныс беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымы проспектісінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі ғана қаралады. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде мазмұндалатын ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және ондағы барлық ақпарат шынайылығын және эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды.

Екібастұз қ. 2014

## 1. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

### 1. Эмитенттің аталуы.

**Эмитенттің толық және қысқартылған аталуы.**

| Аталу тілі | Толық аталуы | Қысқартылған аталуы |
|---|---|---|
| Мемлекеттік тілде | «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС |
| Орыс тілінде | Товарищество с ограниченной ответственностью «Экибастузская ГРЭС-1 имени Булата Нуржанова» | ТОО «Экибастузская ГРЭС-1» |

**Эмитенттің бұрынғы толық және қысқартылған аталуы және өзгерген күндері**

| Өзгерген күні | Себебі | Толық аталуы | Қысқартылған аталуы |
|---|---|---|---|
| 28.08.1996 ж. | Бастапқы тіркелуі | «АЭС-СТ Екібастұз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | «АЭС-СТ Екібастұз» ЖШС |
| | | | |
| 24.12.1999 ж. | Заңды тұлғаның атауы өзгертілуіне байланысты қайта тіркелу | «AES Екібастұз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | «AES Екібастұз» ЖШС |
| «AES Екібастұз» ЖШС барлық құқықтар мен міндеттемелер бойынша «АЭС-СТ Екібастұз» ЖШС-ң мұрагері болып табылды. | | | |
| 03.11.2008 ж. | Заңды тұлғаның атауы өзгертілуіне байланысты қайта тіркелу | «Екібастұз ГРЭС-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС барлық құқықтар мен міндеттемелер бойынша «AES Екібастұз» ЖШС-ң мұрагері болып табылды. | | | |
| 12.07.2010 ж. | Заңды тұлғаның толық фирмалық атауы өзгертілуіне байланысты қайта тіркелу | «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС |

### 2. Егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта құру нәтижесінде құрылған болса, қайта құрылған заңды тұлғалар және эмитент қатысындағы құқықтық мирасқорлық туралы мәліметті көрсету қажет.

«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС (бұдан әрі «Эмитент», «Компания», «Станция», «Серіктестік») дербес заңды тұлға ретінде құрылды, эмитенттің әрекет ету тарихында қайта құрылу жағдайлары болған емес.

### 3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет

Эмитентті бастапқы тіркеу күні 28.08.1996 ж. 21.04.2014 ж.заңды тұлғаның соңғы мемлекеттік тіркелуі туралы № 358-1945-16-ЖШС анықтама. Мемлекеттік қайта тіркеуді жүргізген Павлодар облысы Әділет департаментінің Екібастұз қаласы бойынша Әділет басқармасы.

**4. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі.**

Эмитенттің БСН: 960840000532

**5. Эмитенттің орналасқан жері туралы ақпарат, байланыс телефондардың және факстың нөмірі, электрондық пошта адресі.**

Эмитенттің заңды және нақты мекенжайы (орналасқан жері):
Қазақстан Республикасы, 141200, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы
Тел: 8 (7187) 34 00 71, 298 1 25
Факс: 8 (7187) 34 05 70
E-mail: gres1@ekibastuz-gres1.kz
Веб-сайт: www.gres1-ekibastuz.kz

**6. Эмитенттің банктік деректемелері.**

«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС
Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы
СТН 451 600 022 625
БСН 960 840 000 532
ИИК KZ026010361000004991
БИК HSBKKZKX
Банк: ЕАФ №369900, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Кбе-17

**7. Эмитенттің қызмет түрлері.**

«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС – қатты отынмен жұмыс істейтін ТМД-дағы ең ірі электр станцияларының бірі және де Қазақстандағы ең қуатты станция. Станцияның жобалық қуаттылығы 4 000 МВт құрап отыр, 2014 жылдың 9 айы ішіндегі белгіленген орташа өлшемделген мағынасы - 2 882 МВт (немесе 2014 жылғы қыркүйек айында 2 904 МВт). Құрамындағы әрқайсысы 500 МВт болатын сегіз блоктың алтауы бүгінгі таңда қолданыста жұмыс істеп тұр. 2014 жылдың желтоқсан айында жаңа электр сүзгілерін орната отырып, №2 энергоблокты қалпына келтіру бойынша инвестициялық жобаны аяқтау жоспарлануда, соның нәтижесінде станцияның қуаттылығы 3 000 МВт-тан 3 500 мВт-қа дейін арттырылмақ.

Электр энергиясын өндіріп шығару - компанияның негізгі қызметі болып табылады. Станция Қазақстанның Павлодар облысында Ресей Федерациясының шекарасынан алыс емес жерде орналасқан.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі шешімімен (№84 Хаттама) бекітілген Эмитент Жарғысының 2-бабы 2 тармағына сәйкес, Компанияның қызметі мыналарды қамтиды:

1. Электр энергиясын, бу мен ыстық суды өндіріп шығару және сату;
2. Электр станциясының жабдықтарын, ғимараттары мен нысандарын жөндеу және қызмет көрсету;
3. Электр энергетикасы нысандарын сатып алу және сату;
4. Электр энергетикасы нысандарының құрылысы;
5. Электр энергетикасы секторында техникалық және консультациялық қызметтер ұсыну;
6. Жабдықтарды, материалдарды, техниканы жеткізу;
7. Өкілдік қызметтері, маркетингілік қызметтер, инжинирингілік қызметтер;
8. Серіктестікті дамытуға қажетті әрі Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметтер.

**8. Егер эмитент қаржылық агенттік мәртебесіне ие болса, онда мынадай мәліметтерді көрсету қажет:**

Эмитент қаржылық агенттік мәртебесін иеленбеген.

**9. Эмитент иеленген рейтингтердің болуы немесе олармен халықаралық рейтингілік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингілік агенттіктерімен шығарылған бағалы қағаздар туралы мәлімет.**

Қазіргі уақытта «Fitch Ratings» рейтингілік агенттігімен Эмитентке рейтинг беру үшін және де 2014 жылдың 24-28 қарашасында аяқталуына қарай Эмитенттің екінші шығарылымына алдын ала рейтингілік баға беру жұмысы жүргізілуде.

**10. Эмитенттің барлық филиалдарының және өкілдіктерінің аталуы, тіркеу күндері, орналасқан жері және пошталық мекенжайы.**

Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

**11. Тиісті алқаларға (ассоциацияларға, палаталарға) олардың тиістілігін көрсетумен соңғы аяқталған үш қаржылық жылға Эмитенттің қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың (аудитордың аты-жөні, әкесінің аты болған жағдайда) толық ресми аталуы.**

**2011 жыл:**

«Эрнст энд Янг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 2005 жылғы 15 шілдеде Қазақстан Республикасының қаржы министрлігімен берілген Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметтермен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия №0000003, МФЮ-2. Бірінші басшысы – Жемалетдинов Е.Ф., Білікті аудитор, 2003 жылғы 24 желтоқсандағы аудитордың № 0000553 біліктілік куәлігі. Мекенжайы – Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты.

**Алқаларда, палаталарда, қауымдастықтарда мүшелілігі**:

- Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі (ШИК);
- Қазақстандағы Американдық сауда палатасы;
- Қазақстан Қаржыгерлерінің қауымдастығы;
- Қазақстан Салық төлеушілерінің қауымдастығы;
- Британдық-Қазақстандық Қоғам;
- Германиялық бизнес клуб;
- Қазақстандағы Еуропалық бизнес қауымдастығы
- Қазақстандық-Канадалық бизнес қауымдастығы;
- Халықаралық салық инвестициялық орталығы.

**2012 жыл:**

«КПМГ АУДИТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 2006 жылғы 06 желтоқсанда Қазақстан Республикасының қаржы министрлігімен берілген аудиторлық қызметтермен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия №0000021. Бірінші басшысы - Нигай А.Н., 1994 жылғы 28 сәуірдегі аудитордың № 0000047 біліктілік куәлігі аудитор. Мекенжайы – Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 180.

**Алқаларда, палаталарда, қауымдастықтарда мүшелілігі**:

- Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы;
- Қазақстандағы Американдық сауда палатасы;
- Қазақстан Қаржыгерлерінің қауымдастығы;
- Қазақстандағы Еуропалық бизнес қауымдастығы;
- Қазақстан Петролеум қауымдастығы (ҚПҚ);
- Салықтар және инвестициялар жөніндегі халықаралық орталық;
- KAZENERGY қауымдастығы;
- Қазақстанның бухгалтерлік ұйымдары мен бухгалтерлерінің одағы.

**2013 жылы және 2014 жылдың 6 айы:**

«ПрайсуотерхаусКуперс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 1999 жылғы 21 қазандағы Қазақстан Республикасының қаржы министрлігімен берілген аудиторлық қызметтермен айналысуға арналған бас мемлекеттік лицензия №0000005, «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ң бірінші басшысы - Бекенов Ж.Т., 2003 жылғы 10 қаңтардағы аудитордың №0000536 біліктілік куәлігі. Мекенжайы – Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қаласы, Әл-фараби көшесі, 34, А ғимарат, 4 қабат.

**Алқаларда, палаталарда, қауымдастықтарда мүшелілігі**:

- Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы;
- Қазақстандағы Американдық сауда палатасы;
- Қазақстан Салық төлеушілерінің қауымдастығы;
- Қазақстан Республикасының салық кеңесшілерінің палатасы;
- Қазақстан Петролеум қауымдастығы;
- Шетелдік инвесторлар кеңесі;
- Ассоциация KAZENERGY қауымдастығы;
- Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургиялық кәсіпорындар қауымдастығы;
- Қазақстандағы Еуропалық бизнес қауымдастығы;
- Салықтар және инвестициялар жөніндегі халықаралық орталық.

**12. Тиісті алқаларға (ассоциацияларға, палаталарға) олардың тиістілігін көрсетумен уәкілетті органға проспектіні бұрынғы ұсынумен үш жыл ішінде тиісті қызметтерді көрсетуге шарттар жасалған заңды және қаржылық мәселелер жөніндегі кеңесшілердің толық ресми аталуы.**

Қаржылық андеррайтингілік және қаржылық-кеңес қызметтерін көрсету туралы 2014 жылғы 3 қазандағы шартқа сай «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-ң ресми тізіміне облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша қаржы кеңесшілерінің Халықаралық кредиттік рейтингті иелену жөніндегі консультациялық қызметтер «АСЫЛ-ИНВЕСТ» АҚ-мен ұсынылды. «АСЫЛ-ИНВЕСТ» АҚ «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-ң Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығының мүшесі болып табылады. Қазақстан Республикасының Қаржы нарықты және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің делдалдық және дилерлік қызметтерді жүзеге асыруға арналған 15.03.2007ж №0401201470 және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметтерді жүзеге асыруға арналған 15.03.2007ж. №0403200645 лицензиялар. Бірінші басшысы - Балғынбеков Г.С. Заңды мекенжайы – Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 132Б, 2 қабат. Нақты мекенжайы - Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 17/1, «Нұрлы-Тау» БО, 5Б блогы, 18 қабат.

**13. Егер жоғарыда көрсетілген тұлғалармен шартты бұзу орын алған жағдайда, бұл қай тараптың бастамасымен болған ақпаратты көрсете отырып, шарты бұзу себебі туралы ақпаратты ұсыну қажет.**

Жоғарыда аталған тұлғалармен жасалған шарттың бұзылуы орын алған жоқ.

## 2. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

### 1. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы.

Жоғарғы орган – Қатысушы;
Қадағалау органы – Байқаушы кеңес;
Жеке-дара атқарушы орган – Бас директор;
Бақылау органы – Тексеру комиссиясы.

### 2. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мыналар жатқызылған:

1) Серіктестіктің Жарғысын өзгерту, соның ішінде оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту, немесе жаңа оқылымдағы Жарғыны бекіту;
2) Серіктестік қызметінің басымдықты бағыттарын айқындау;
3) Серіктестіктің даму стратегиясын, Серіктестіктің даму жоспарын бекіту, сондай-ақ Серіктестіктің даму стратегиясының іске асырылуына, Серіктестіктің даму жоспарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру;
4) Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің және Тексеру комиссиясының Төрағасы мен мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оларды сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату,оларға сыйақы мен өтемақы төлеу тәртібін айқындау, сондай-ақ Серіктестіктің Тексеру комиссиясының есептері мен қорытындыларын бекіту;
5) Серіктестіктің Бас директорын белгіленген мерзімге тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
6) Серіктестіктің Бас директорының лауазымдық қызметақы мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу және сыйақы төлеу шарттарын айқындау;
7) Серіктестіктің Бас директоры үшін қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін бекіту, сондай-ақ оларға жетуіне мониторингті жүзеге асыру;
8) Серіктестіктің Бас директорының басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;
9) Серіктестіктің жылдық қаржылық есеп-қисабын бекіту;
10) есептік қаржылық жыл үшін Серіктестіктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту;
11) Серіктестіктің Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
12) Серіктестіктің Байқаушы кеңесі туралы ережені бекіту;
13) Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті қамтитын, Серіктестіктің қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту;
14) Серіктестікке аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау және оның қызметтері үшін төлемақы мөлшерін айқындау;
15) Серіктестіктің Тексеру комиссиясы туралы ережені және оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
16) ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту, тек бұған оларды бекіту Серіктестіктің Жарғысы бойынша Серіктестіктіңөзге органдарының құзырына жатқызылған құжаттар кірмейді;
17) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
18) тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;
19) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлікпен басқаруға табыстау туралы шешім қабылдаужәне осындай табыстаудың шарттарын айқындау;
20) Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге салу туралы шешім қабылдау;
21) Серіктестіктің басқа шаруашылық жүргізуші Серіктестіктерге, акционерлік қоғамдарға және коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы, сондай-ақ олардың акцияларын (қатысу үлестерін) иеліктен шығару туралы шешім қабылдау, тек бұған Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар жатпайды;
22) Серіктестіктің облигацияларын шығарудың шарттары мен тәртібін айқындау;
23) Заңның 39-бабына сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар салу;
24) Серіктестіктің Қатысушысына және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі

туралы ақпаратты берудің тәртібі мен мерзімін бекіту;

25) Оларды тағайындауды немесе келісуді Серіктестіктің Қатысушысы жүзеге асыратын Серіктестік жұмыскерлерінің лауазымдары тізбесін бекіту;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестіктің жұмыскерлерін атқарып отырған қызметіне сәйкестігі және кадрлық резервті қалыптастыру бойынша аттестаттаудың шарттары мен тәртібін бекіту, сондай-ақ міндетті аттестаттауға жататын жұмыскерлер тізбесін бекіту;

27) Серіктестіктің кадрлық саясатын бекіту;

28) Серіктестіктің жұмыскерлерінің жалпы санын, ұйымдық құрылымын және штат кестесін бекіту;

29) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін және әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған ауқым нормаларын айқындау;

30) қызметтік іссапарларға жіберілетін Серіктестіктің жұмыскерлеріне шығысты өтеудің тәртібі мен шарттарын айқындау;

31) жұмыскерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығы берілген жағдайда, Серіктестіктің қаражаты есебінен өтелетін шығыс лимиттерін, өкілдіктік шығыс лимиттерін айқындау;

32) осы Жарғы және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Қатысушының құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

**3. Байқаушы кеңестің айрықша құзыретіне мына төмендегідей мәселелер жатқызылған:**

1) жылдық қаржылық есеп-қисапты алдын ала бекіту;

2) Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларын және бас бухгалтерін тағайындау (жұмысқа қабылдау), басқа жұмысқа ауыстыру, жұмыстан босату туралы шешімдер қабылдау;

3) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды келісу;

4) Серіктестіктің басқа шаруашылық жүргізуші серіктестіктерге, акционерлік қоғамдарға және коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы, сондай-ақ олардың акцияларын (қатысу үлестерін) иеліктен шығару туралы мәселені алдын ала келісу;

5) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

6) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын, Серіктестік немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

7) Серіктестіктің жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу туралы ережені бекіту;

8) Серіктестіктің есеп саясатын бекіту;

9) Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларының қызметтік еңбекақы мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу және сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

10) оларды бекітуді немесе келісуді Серіктестіктің Байқаушы кеңесі жүзеге асыратын, Серіктестіктің, сондай-ақ еншілес және тәуелді заңды тұлғалардың басшы қызметкерлерінің лауазымдары тізбесін айқындау және бекіту;

11) Серіктестіктің тәуекелдерін басқару саясатын бекіту;

12) Серіктестіктің жалпы тәуекел-аппетитін, Серіктестіктің әр негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейлерін бекітужәне қабылданып отырған тәуекелдерді шектеу үшін лимиттер белгілеу, негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту;

13) Серіктестіктің тәуекелдер тіркелімі мен картасын бекіту;

14) Серіктестікте тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

15) тоқсан сайын Серіктестіктің тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесінің Серіктестіктің негізгі тәуекелдері сипатталған және талданған, сондай-ақ Серіктестіктің тәуекелдерін мейлінше азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша мәліметтер қамтылған есептерін қарау;

16) Серіктестіктің Байқаушы кеңесі бекітетін ішкі құжаттар тізбесін айқындау;

17) соның (солардың) нәтижесінде құны Серіктестіктің активтерінің жалпы мөлшерінен жиырма бес немесе одан да көп пайызды құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара

байланысты мәмелелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

18) Серіктестіктің демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы мәселені шешуді келісу;

19) Серіктестіктің тауар (фирмалық) белгісінің және символикасының үлгілерін келісу;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген, Серіктестіктің Қатысушысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

**4. Бас директордың құзыретіне мынадай мәселелер жатқызылған:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің Жарғысымен көзделген тәртіпте Серіктестіктің атынан мәмілелер жасасу;
2) Серіктестіктің Байқаушы кеңесі және Қатысушысы бекітетін құжаттардан басқа, Серіктестіктің қызметін ұйымдастыруға бағытталған ішкі құжаттарды бекіту;
3) бекітілген бизнес-жоспардың, бюджеттің, даму жоспарының шеңберінде Серіктестіктің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарын бекіту;
4) Серіктестіктің барлық жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдерді қабылдау;
5) белгіленген тәртіпте, Байқаушы кеңеспен келіскеннен кейін Серіктестіктің демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешімдер қабылдау;
6) Байқаушы кеңестің мүшелері өздеріне жүктелген функцияларды атқарған кезде оларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпараттың, соның ішінде құпия сипаттағы ақпараттың жазбаша сұрау салу алынған сәттен бастап 10 (он) күннен кеш болмайтын мерзімде уақтылы берілуін қамтамасыз ету;
7) Серіктестіктің Қатысушысының және Байқаушы кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын, Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

**5. Ревизиялық комиссия:**

Серіктестіктің қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін 5 (бес) адамнан тұратын, Тексеру комиссиясының Төрағасы басқаратын, тұрақты түрде қызмет ететін Тексеру комиссиясы құрылады.

Серіктестіктің Тексеру комиссиясын Қатысушы 5 (бес) жыл мерзімге сайлайды. Серіктестіктің Бас директоры Тексеру комиссиясына мүше бола алмайды.

Тексеру комиссиясы Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне жоспарлы тексеріс жүргізеді.

Тексеру комиссиясының Төрағасы жартыжылдық пен бір жылдың қорытындылары бойынша Қатысушының алдында есеп береді.

Серіктестіктің Тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі осы Жарғымен, Тексеру комиссиясы туралы ережемен, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелермен және өзге де құжаттармен анықталады.

**6. Эмитенттің Бақылау кеңесінің мүшелері.**

| № | Бақылау кеңесі мүшелерінің аты-жөні, туған жылы | Қазіргі уақыттағы және соңғы 3 жылдағы қосымша жұмыс бойынша атқарға лауазымы (хронологиялық тәртіпте) |
|---|---|---|
| 1 | **Түйтебаев Серік Сүйінбекұлы**<br>27.05.1958 ж | **«Алматы электр станциялары» АҚ**<br>01.03.2010ж. - 20.05.2011ж. – «Алматы электр станциялары» АҚ Басқарма Төрағасының орынбдасары<br><br>**Алматы қаласының Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы**<br>17.06.2011 ж. - 20.09.2011ж. – Алматы қаласының Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы бастығының м.а. |

| № | Бақылау кеңесі мүшелерінің аты-жөні, туған жылы | Қазіргі уақыттағы және соңғы 3 жылдағы қосымша жұмыс бойынша атқарға лауазымы (хронологиялық тәртіпте) |
|---|---|---|
| | | 20.09.2011ж. - 14.05.2013 ж. - Алматы қаласының Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы<br><br>**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ**<br>24.06.2013 ж. - 31.12.2013 ж.- Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары<br><br>**«Самұрық-Энерго» АҚ**<br>06.01.2014 ж.бастап осы күнге дейін – «Генерация» дивизионнын басқарушы<br><br>**«Алматы электр станциялары» АҚ**<br>21.02.2014 ж.бастап осы күнге дейін – Директорлар Кеңесінің Төрағасы<br><br>**«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС**<br>04.04.2014 ж. бастап осы күнге дейін – Бақылау кеңесінің Төрағасы |
| 2 | **Исенов Бағлан Кәкімжанұлы**<br>26.03.1975 ж | **«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» акционерлік қоғамының Жүйелік операторлың Ұлттық диспетчерлік орталығы (ЖО ҰДО)**<br>27.01.2010 ж. - 03.12.2012 ж. – Бас диспетчердің орынбасары<br>**«Самұрық-Энерго» АҚ**<br>04.12.2012 ж. бастап осы күнге дейін – «Генерация» дивизионының Еншілес тәуелді ұйымдармен жұмыс жасау басқармасының бастығы<br><br>**«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ**<br>07.02.2013 ж. бастап осы күнге дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі<br><br>**«Алматы электр станциялары» АҚ**<br>28.01.2013 ж. бастап осы күнге дейін - Директорлар кеңесінің мүшесі<br><br>**«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС**<br>04.04.2014 ж. бастап осы күнге дейін – Бақылау кеңесінің мүшесі |
| 3 | **Огай Алексей Владимирович**<br>01.12.1970 ж | **«Самұрық-Қазына» АҚ**<br>08.05.2012 ж. бастап осы күнге дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, Электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директор<br><br>**«KEGOC» АҚ**<br>08.05.2012 ж. бастап осы күнге дейін - Директорлар кеңесінің мүшесі<br><br>**«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС**<br>04.04.2014 ж. бастап осы күнге дейін – Бақылау кеңесінің мүшесі |

## 7. Қатысу үлесін көрсетумен эмитенттің жарғылық капиталында (акциялар/үлестер) және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында бақылаушы кеңесінің әр мүшесінің қатысуы.

Эмитенттің жарғылық капиталында және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында бақылаушы кеңесі мүшелерінің қатысуы жоқ.

## 8. Өткен екі жыл ішіндегі Бақылаушы кеңесі құрамындағы өзгеріс.

**Бақылаушы кеңесінің құрамына өткен екі жылда келесі өзгертулер болды:**

Қазіргі уақытта, «Самұрық-Энерго» АҚ Бақылаушы кеңесінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі шешімімен (№84 Хаттама) ішкі отырысының «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақылау кеңесі мүшелері болып табылатындар:

1) Түйтебаев Серік Сүйінбекұлы – Бақылаушы кеңестің төрағасы;
2) Огай Алексей Владимирович - Бақылаушы кеңесінің мүшесі;
3) Исенов Бағлан Кәкімжанұлы - Бақылаушы кеңесінің мүшесі.

Бұдан бұрын «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақылау кеңесі мүшелері болып табылғандар.
1) Коробовский Николай Владимирович, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының 2010 жылғы 27 мамырдағы Хаттамасына сәйкес;
2) Климов Николай Николаевич, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының 2010 жылғы 27 мамырдағы Хаттамасына сәйкес;
3) Бектеміров Қуаныш Әбдуғалиұлы, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының 2012 жылғы 02 наурыздағы Хаттамасына сәйкес;
4) Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының 2012 жылғы 02 наурыздағы Хаттамасына сәйкес.

**9. Эмитенттің Бақылаушы кеңесінің комитеттері (ондай болғанда). Бұл тармақта Эмитенттің Бақылаушы кеңесінің комитетінің (комитеттерінің) атауын (атауларын), оның (олардың) құзыретін, Эмитенттің Бақылаушы кеңесінің комитетінің (комитеттерінің) әрбір мүшесінің тегін, есімін, болғанда – әкесінің атын және де олардың қызметіне кіріскен күндерін көрсетіп жазу керек.**

Бақылаушы кеңестің комитеттері жоқ.

**10. Ішкі аудит қызметі (болғанда).**

Компанияда ішкі аудит қызметі жоқ.

**11. Эмитенттің Атқарушы органы – Бас директор.**

| № | Эмитенттің жеке-дара атқарушы органының тегі, есімі, болғанда – тегі мен туған жылы | Атқарушы органның соңғы үш жылдағы және осы уақыттағы атқарған лауазымдары, оның ішінде қосымша жұмыс бойынша сонымен қатар қосымша қызмет істеу бойынша, олардың лауазымға және өкілеттілікке түскен күні |
|---|---|---|
| 1 | **Свамбаев Рысқан Тишпекұлы**<br>27.07.1959 ж | **«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС**<br>16.04.2010 бастап осы күнге дейін - «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-ң Бас директоры |

**12. Эмитенттің жеке-дара атқарушы органының қызметтерін жүзеге асыратын тұлғаның, не болмаса қатысу үлестері көрсетіле отырып, ұйымдарда және эмитенттің төленген жарғылық капиталында эмитенттің алқалы атқару органының әрбір мүшелерінің қатысуы.**

Эмитенттің алқалы атқару органының қызметтерін жүзеге асыратын тұлғасы жоқ. Серіктестіктің Жарғысына сәйкес жалғыз қатысушы - «Самұрық-Энерго» АҚ 31 110 120 мың теңге мөлшеріндегі жарғылық капиталының 100 пайызын иеленіп отыр.

**13. Егер Эмитенттің атқарушы органының өкілеттілігі басқа коммерциялық (басқарушы) ұйымға берілген жағдайда, онда бұл тармақта мыналар көрсетілсін:**
**1) басқарушы ұйымның толық және қысқартылған атауы;**

**2) Осы ұйымдағы жеке-дара атқарушы органның қызметтерін жүзеге асыратын тұлғаның, не болмаса қатысу үлестері көрсетіле отырып, ұйымдарда және эмитенттің төленген жарғылық капиталында эмитенттің алқалы атқару органының және оның директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) әрбір мүшелерінің тегі, ісімі, әкесінің аты мен туған жылы;**

**3) Осы 2) тармақшада көрсетілген хронологиялық тәртіпте, оның ішінде қосымша жұмыс бойынша соңғы үш жылдағы және қазіргі уақыттағы эмитенттің директорлар кеңесінің әр мүшесінің атқарған барлық лауазымы**

**4) Осы 2) тармақшада көрсетілген қатысу үлесін көрсетумен эмитенттің жарғылық капиталында (акциялар/үлестер) және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында, соның ішінде акционерлік қоғамда директорлар кеңесінің әр мүшесінің қатысуы**

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық (басқарушы компанияға) ұйымға табысталған емес.

## 14. Эмитенттің Бақылаушы кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне және өзге басшы тұлғаларына төленетін сыйақы.

Эмитенттің бақылаушы кеңесінің мүшелеріне Серіктестіктің Жарғысында көзделмегендіктен, бонустар мен сыйақылар төленбейді, сондай-ақ зейнетақылар бойынша сыйақылар қордаланбайды.

Серіктестіктің жеке-дара атқарушы органы болып табылатын Бас директор, оның 2013 жылғы еңбекақы төлеу қоры 17 214 004,29 теңгені құрады, ал 2014 жылдың алдағы өткен 3 айында (тамыз, қыркүйек, қазан) 5 957 187,12 теңгені құрады. Өзге бонустар, сыйақылар, соның ішінде зейнетақылар төленген емес. ПӘК көрсеткіштерінің орындалуын бағалау нәтижелері бойынша ықтималды бонустарды есептемегенде, Бас директордың алдағы 2015 жылғы сыйақысы 2014 жылдың деңгейінде күтіледі.

## 15. Эмитенттің ұйымдастырушылық құрылымы келесі бетте көрсетілген.


Бас директор
Бас инженер
Капиталдық құрылыс жөніндегі директор
ЕҚ жөніндегі бас техникалық жетекші
Маркетинг және өткізу жөніндегі директор
Атқарушы директор
Жалпы мәселелер жөніндегі директор
Қаржылық директор
Заңгерлер бөлімі
Кадр бөлімі
ІҰБ
АҚжТЖ штабы
Бас инженердің ОБжЖЖ жөніндегі орынбасары
Бас инженердің пайдалану жөніндегі орынбасары
Бас инженердің жөндеу жөніндегі орынбасары
Бас инженердің электр жағынан орынбасары
ОКЦ-1
ОКЦ-2
ЖЖКПЖЦ
ҚТЦ-1
ҚТЦ-2
Химиялық цех
ДҚ
ЖМЖ баптау учаскесі
ҚНЖЖЦ
ҚҚЖЖЦ
ТЖЖЦ
ТАҚЖЦ
ЭЦ
ЖАӨБЦ
ОЗжДЦ
ҚОҚ бөлімі
ӨТБ
ЭЖҚПҚ
Метрология бөлімі
ЖжЖС Қызметі
Инвестициялар бөлімі
Кап.құрылыс және РЭС бөлімі
ЕҚ ж ҚТ Қ
МИЖ
Маркетинг және өткізу бөлімі
Коммерциялық директор
МТҚБ
МТРБ
СДӨБ
Автошаруашылық
ӘШБ
Сауықтыру пункті
Қоғаммен байланыс жасаушы менеджер
Өрт сөндіру бөлімі
Әдіскер
ҚБ
Бухгалтерия
ЖЭО
ЕжЕҰБ

## 16. Эмитенттің бөлімшелері, филиалдары мен өкілдіктері

Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

## 17. Эмитенттің қызметкерлерінің, соның ішінде Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктерінің қызметкерлерінің жалпы саны.

2014 жылғы 10 ай ішіндегі Эмитенттің қызметкерлерінің орташа тізімдегі саны 1 391 адамды құрады.

## 18. Эмитенттің негізгі бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер.

| № | Құрылымдық бөлімшенің атауы | Басшының ТАӘ | Туған күні |
|---|---|---|---|
| 1 | Бас директор | Свамбаев Рысқан Тишпекұлы | 27.07.1959 |
| 2 | Бас инженер | Черепенин Александр Савельевич | 28.06.1955 |
| 3 | Атқарушы директор | Нагишпаев Талгат Капашевич | 08.09.1968 |
| 4 | Қаржылық директор | Цулукидзе Михаил Джибсонович | 04.04.1978 |
| 5 | Жалпы мәселелер жөніндегі директор | Рафиков Равиль Джаннятханович | 04.06.1961 |
| 6 | Коммерциялық директор | ШӘКІРТ ДАСТАН ТАУЛЕТҚАНҰЛЫ | 07.03.1991 |
| 7 | Маркетинг және өткізу жөніндегі директор | Дүйсембинов Евгений Низамұлы | 28.12.1974 |
| 8 | Еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық жетекші | Ушакова Зоя Леонидовна | 03.09.1960 |
| 9 | Заңгерлер бөлімінің бастығы | Гоенко Александр Александрович | 13.01.1975 |
| 10 | Капиталдық құрылыс жөніндегі директор | Питерских Александр Эдуардович | 25.09.1968 |

## 3. ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ

1. **Эмитенттің (егер заңды тұлға болып табылатын эмитент (қатысушы) акционерлерінің жалпы саны не болмаса, аталған заңды тұлғаның жарғылық капиталында он және одан көп пайызыда қатысу үлесіне ие Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) туралы мәлімет және Эмитентт акцияларының үлесінде (орналастырылған және дауыс беруші) он және одан көп пайызға ие акционерлер (қатысушылар) туралы ақпарат**

   01.11.2014 ж.жағдай бойынша ақпарат

| Эмитенттің жалғыз қатысушысының атауы | Заңды және нақты мекенжайы | Эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі |
|---|---|---|
| «Самұрық-Энерго» АҚ | 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 15, блок б | 100% |

2. **Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы Эмитенттің қызметін бақылауға құқығы бар тұлғалар туралы мәлімет.**

«Самұрық-Энерго» АҚ «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-ң жалғыз қатысушысы болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 тамыздағы № 1103 қаулысына сәйкес «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ) «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының акциялар пакетінің ҚР Үкіметі арқылы мемлекеттің бақылауындағы 100 %-ын иеленіп отыр.

3. **Заңды тұлғаның толық аталуын, оның орналасқан жерін, жарғылық капиталдағы эмитенттің акцияларына (үлестеріне) пайыздық қатысын, қызмет түрлерін, бірінші басшының аты-жөнін, болған жағдайда әкесінің атын көрсетілген, акциялардың он және одан көп пайызы Эмитент ие заңды тұлғалар туралы мәлімет.**

«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС акцияларды иеленбейді әрі басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу үлестері жоқ.

4. **Эмитент қатысатын өндірістік, банкілік, қаржылық топтар, холдингілер, концерндер, қауымдастықтар, бірлестіктер туралы анықтама.**

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңының 1-бабына сәйкес, «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының тобына қосылған.

5. **Эмитенттің басқа да аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер.**

Жеке және заңды тұлғалардың тізімі осы Проспектінің Қосымшасында келтірілген.

6. **Аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен мәмілелер. Бұл тармақта комитетінің (комитеттерінің) әрбір мүшесінің тегін, есімін, болғанда – әкесінің атын және де олардың мәмілелер жасақан күндерін, заңды тұлғаның атауын көрсете отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, аффилиирленген болып келетін тұлғаларымен қоса, Эмитентке қатысты соңғы бір жылда Эмитенттің өзі жасасқан мәмілелер туралы және эмитенттің қай органы осы шешімді қабылдағаны туралы ақпараттар ашылып жазылу керек.**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, аффилиирленген болып келетін тұлғаларымен қоса, Эмитентке қатысты соңғы бір жылда Эмитенттің өзі жасасқан мәмілелер жүзеге асырылған емес.

**7. Облигацияларды шығару кезінде арнайы қаржылық компаниямен үлестестілікті тану негізін және оның туындау күндерін көрсетумен секьюриттеу мәмілелерінің тараптарының үлестестігі туралы ақпарат ашылады.**

Эмитент арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

## 4. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

**1. Эмитенттің қызметтеріндегі, оның ішінде негізгі қызмет (сала) түрлері бойынша жалпы тенденциялардың қысқа сипаттамалы.**

«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-ң негізгі қызмет түрі станцияның техникалық сенімділігін және тиімді табыстылыққа қол жеткізе отырып, электр энергиясын өндіріп шығару және өткізу болып табылады.

Электр энергетикасы өнеркәсіптің негізгі салаларының бірі бола тұрып, қай мемлекеттің болмасын экономикалық және әлеуметтік салаларда маңызды рольге ие болып отыр. Электр энергетикалық кешен Қазақстан Республикасының экономикасының артықшылықты секторларының бірі ретінде белгіленді. Осыған байланысты 2020 жылға дейін елді дамытудың Стратегиялық жоспарын және де 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі Мемлекеттік Бағдарламаны іске асыруда құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Электр энергетикасын дамыту бағдарламасы әзірленген.

Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикасы жүйесі (ҚР БЭЖ) республика тұтынушыларын сенімді әрі сапалы электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, республикадағы тұтынушыларды электр энергмясымен сенімді әрі сапалы түрде қамтамасыз етіп отыратын электр жеткізу желілерінің және жалпы жұмыс режимімен, орталықтандырылған оперативтік-диспетчерлік және авариялларға қарсы басқармамен, бірыңғай дамуды жоспарлау жүйесімен, техникалық саясатпен, нормативтік-технологиялықпен және құқықтық реттеумен бірге қосалқы станциялардың жиынтығын құрайды.

Қазақстан энергетикалық нарығы мыналарды қамтиды: энергия өндіріп шығару, энергияны тарату, энергия тұтыну және энергетика саласындағы өзге де қызмет.

Қазақстанның электр энергетикасы нарығы екіденгейлі жүйесі қалыптастырып отыр: көтерме және бөлшек сауда нарығы. Қазақстанда электр энергиясын өндіріп шығаруды түрлі меншік нысанындағы қазақстандық 63 электр станциясы жүзеге асырып отыр. 2014 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша электр станцияларының бекітілген қуаттылығы - 20 591,5 МВт құрады, ал қолданыстағы қуаттылығы - 17 108 МВт.

Қазақстан Республикасының электр энергетикалық көтерме нарығының функционалдық құрылымы мынаны қамтиды:

- электр энергиясына шартты баға белгіленетін негізде нарыққа қатысушылардың арасында жасалатын екіжақты шарттардың негізінде қызмет жасайтын электр энергиясының орталықсыздандырылған сатып алу-сату нарығы;
- электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығы - электр энергиясын қысқа мерзімді («операциялық тәулік ішінде» спот-сауда-саттық және «бір күн бұрын» режимінде), орта мерзімді (апта, ай) және ұзақ мерзімді (тоқсан, жыл) негізде сатып алу-сату үшін ұйымдастырылған сауда алаңы;
- Қазақстанның БЭЖ қажетті қуаттылық резевртері қалыптастырылғанша аталған нарықтық электр энергиясының нақты және шарттастық шамаларының арасында операциялық тәулігінде туындайтын сағаттық дисбаланстарды қаржылық физикалық және кейінгі реттеу мақсатында әректе етіп отыратын нақты уақыт режиміндегі теңгерімдеуіш нарығы, атаулы нарықтың жұмыс қуаттылығы иммитациялық режимде жүзеге асырылатын болады;
- жүйелік және қосалқы қызметтер нарығы, мұнда мемлекеттік стандарттармен белгіленген ҚР БЭЖ жұмысының сенімділігі мен электр энергиясының сапасын қамтамасыз ету үшін ҚР БЭЖ Жүйелік операторы жүйелі қызметті және Қазақстан Республикасы электр энергиясы нарығының субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады;

Кемінде 1 МВт қуатпен қосылған электр энергиясының барлық тұтынушылары мен бәсекелестік жағдайында оларға электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын электрмен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясының бөлшек нарығына қатысушылар болып табылады.

Қазақстанның энергетикалық кешенінің географиялық құрылымы мынадай үш аймақтан құралады:

1. **Солтүстік аймақ** (Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Ақмола облыстары мен Астана қаласы), онда елдің 70 пайыздан астам

генерацияланатын қуаттылықтары шоғырланған, бұл ретте артық энергия қордаланып, ол келешекте оңтүстік аймақтарға және Ресейге экспортқа таратылады.

2. **Оңтүстік аймақ** (Алматы қаласы, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары), Солтүстік аймақтан жеткізілімдерден және көршілес Қырғызстан мен Өзбекстаннан импортталатын жабылатын ең мол тапшылықтан энергетикалық теңгерімі жүзеге асырылады.
3. **Батыс аймақ** (Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары), Қазақстанның электр энергетикалық кешенімен байланыспаған. Электр энергиясының тапшылығы ресейдің импорты есебінен жабылып отыр.

**Аймақтар бойынша электр энергиясын өндіру**




дереккөзі: «KEGOC» АҚ

**Аймақтар бойынша электр энергиясын тұтыну**




дереккөзі: «KEGOC» АҚ

Электр станциялары ұлттық маңызы бар электр станциялары, өнеркәсіптік мақсаттағы электр станциялары және өңірлік мақсаттағы электр станциялары деп бөлінеді. Ұлттық маңызы бар электр станцияларын электр энергиясын өндіруді және Қазақстан Республикасының электр энергиясы нарығында тұтынушыларға сатуды қамтамасыз ететін ірі жылу электр станциясы жатады:

- «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС; Екібастұз
- «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ; Екібастұз
- «Еуразия Энергетика Корпорациясы» АҚ (Ақсу МАЭС);
- «Қазақмыс корпорациясы» МАЭС» ЖШС; Қарағанды
- «Жамбыл МАЭС» АҚ; Тараз

Сондай-ақ қосымша және ҚР БЭЖ жүктеме кестесін реттеуге пайдаланылатын қуаты күшті электр станциялары:

- «Қазмырыш» АҚ Бұқтырма МЭК;
- «AES Өскемен ГЭС» ЖШС;
- «AES Шульба ГЭС» ЖШС.

Өнеркәсіптік мақсаттағы электр станцияларына электр және жылу энергиясын қатар өндіретін ЖЭО жатады, олар ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жақын орналасқан елді мекендерді электрмен және жылумен жабдықтайды:

- ЖЭО-3 «Қарағанды-Жылу ЖШС;
- ЖЭО ПВС, ЖЭО-2 «Арселор Миттал Теміртау» АҚ;
- Рудный ЖЭО («ССГПО» АҚ);
- Балқаш ЖЭО, Жезқазған ЖЭО «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС;
- Павлодар ЖЭО-1 «Қазақстан алюминийі» АҚ;
- Шымкент ЖЭО-1,2 («Оңтүстікполиметал» АҚ) және тағы басқа.

Өңірлік мақсаттағы электр станциялар — бұл аумақпен біріктірілген, өңірлік электр тораптық компаниялар мен энергия жеткізуші ұйымдардың желісі бойынша электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын және жақын орналасқан қалаларды жылумен жабдықтайтын ЖЭО.

Электр станцияларының өндіру типтері бойынша Қазақстанда электр энергиясы Қазақстандағы барлық өндіріліп шығарылған электр энергиясының 84 пайызға жуығын жылу электр станциялары және – 9 пайызын гидро электр станциялары, ГТЭС шамамен 7 пайызын шығарады.

Электр энергиясын шығаруда пайдаланатын отын типі бойынша электр қуатының 72 пайызы көмірден, 12,3 пайызы - гидроресурстардан, 10,6 пайызы - газдан, 4,9 пайызы - мұнайдан және 0,2 пайызы – қуаттың баламалы түрлерінен.

Электр энергиясын өндіріп шығару әрі көршілес елдерден импорттау, энергияның артық қалдықтары экспортқа жөнелтіліп жатқанның өзінде, еліміздің ішкі тұтынымын жабады. Электр энергиясындағы шығынның көлемі тарихи тұрғыда электр энергиясының жалпы көлемдерінің 8-10 пайызын құрап отыр.

Жалпы ел бойынша 2014 жылдың 9 айы ішінде электр энергиясын өндіру 67,8 млрд. кВт/сағ құрады, яғни өндірілімі 2013 жылдың сондай кезеңіндегіден 1,1% көбірек.

**ҚР электр энергиясының өндірілімі**




дереккөзі: ҚР Статистика агенттігі

**ҚР жылу энергиясының өндірілімі**




дереккөзі: ҚР Статистика агенттігі

Сол жақтағы кестеден көрініп отырғандай, Қазақстанда 2009 жылдан бері электр энергиясын өндірілу көлемдерінің тұрақты өсімі байқалып келеді. 2013 жылдың қорытындылары бойынша республика бойынша электр энергиясын өндіру өткен жылғымен салыстырғанда, 1,9% пайызды құрап, 91,9 млрд. кВт/сағ дейін жетті, сонда жылу энергиясының генерациялану көлемдері 4,8% кеміп, 98,4 млн. Гкал дейін жетті. Өткен соңғы алты жыл ішінде электр энергиясының генерациялануы 15% өсті, ал жылу энергиясы 4,6% өскен. 2014 жылдың алты айы ішінде Қазақстанда 46,7 млрд. кВт/сағ электр энергиясы мен 54,1 млн. Гкал жылу энергиясы өндірілді, ол алдыңғы жылмен салыстырғанда 2014 жыл ішінде жылдық өндірілімнің ұлғайғандығын көрсетеді.

2014 жылдың тоғыз айында 2014 года елдегі электр энергиясының тұтынылуы 66,0 млрд. кВт/сағ құрады, яғни 2013 жылдың тұтынылу деңгейінен 1% жоғары.

Ел аумағы бойынша электр энергиясының 2014 жылдың бірінші жартыжылдығында сальдо-ағыны мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

- Ресейден Қазақстанның батыс аймағына сальдо-ағыны 52,5 млн. кВт/сағ құрады;
- Қазақстанның солтүстік аймағынан Ресейге жөнелтілген экспорт көлемі 848,7 млн. кВт/сағ құрады;
- Қазақстаннан Өзбекстанға электр энергиясын жоспардан тыс жеткізілген көлемі (сальдо-беру) 438,7 млн. кВтсағ құрады.

2013 жылы электр энергиясының тұтынылған көлемі 89,6 млн. кВтсағ жетті, яғни 2012 жылдың сондай кезеңіндегіден 1,97% кем. Өткен бес жыл ішінде электр энергиясын тұтыну көлемдері орта есеппен 11% өсті.

**ҚР электр энергиясын тұтыну**




дереккөзі: ҚР Статистика агенттігі, «KEGOC» АҚ

**Халыққа жылу- және электр энергияларын босату**

дереккөзі: ҚР Статистика агенттігі

«Халыққа жылу- және электр энергиясын босату» кестесі халыққа электр энергиясын босатудың жыл сайынғы өсімін көрсетіп отыр, сөйтіп, халықтың тарапынан энергия тұтынудың үнемі өсімі барын куәландырады. 2008 - 2013 жылдар кезеңінде бұл көрсеткіш 17,4% өсті. 2013 жылы электр энергиясын босату жылына әр адам басына шаққанда 619,2 кВт/сағ құрады, ол 2012 жылдың сондай кезеңіндегіден 3,1% көбірек. Жылу энергиясының орташа тәуліктік босатылымы 2008 - 2013 жылдар ішінде 2,7% өсті. 2013 жылы бұл көрсеткіш мың адамға 3,8 Гкал құрады, 2012 жыл ішінде сондай көрсеткішінен 5% кем болды.

## 2. Эмитенттің бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер. Эмитенттің қызметін Қазақстан Республикасының ішіндегі орташа салалық көрсеткіштерімен және егер мүмкін болғанда орташа әлемдік көрсеткіштермен салыстырмалы сипаттамасы.

Қазақстандағы электр энергиясының өндірілімін бекітілген жалпы қуаттылықтары 20 591,5 МВт әрі қолданыстағы қуаттылықтары 17 108 МВт болатын 63 электр станциясы жүзеге асырып келеді.

2014 жылдың 9 айы ішінде нарықта электр энергиясын өндіру бойынша үстемдік еткен 4 жетекші электр станциясы болды:

- «ЕЭК» АҚ – 17,7%;
- «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС – 14,3%;
- «МАЭК-Қазатомпром» ЖШС - 5%;
- «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ – 4,9%.

| № | Атауы | Көлемі, млн. кВт/сағ | | Ауытқуы |
|---|---|---|---|---|
| | | 9 ай 2014 | 9 ай 2013 | 2014 ж. <> 2013 ж. |
| 1 | «ЕЭК» АҚ (Павлодар облысы) | 12 000,2 | 11 215,9 | 6,99% |
| 2 | «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС (Павлодар облысы) | 9 693,5 | 10 031,9 | -3,37% |
| 3 | «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (Павлодар облысы) | 3 373,3 | 4 395,6 | -23,26% |
| 4 | «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС ГРЭС-2 (Қарағанды облысы) | 3 400,7 | 3 625,2 | -6,19% |
| 5 | «Алматы электр станциялары» АҚ (ТЭС) (Алматы қаласы) | 2 767,9 | 2 790,5 | -0,81% |

| № | Атауы | Көлемі, млн. кВт/сағ | | Ауытқуы |
|---|---|---|---|---|
| | | 9 ай 2014 | 9 ай 2013 | 2014 ж. <> 2013 ж. |
| 6 | «Қарағанды-Энергоцентр» ЖШС (Қарағанды қаласы) | 2 478,2 | 2 389,1 | 3,73% |
| 7 | «СевКазЭнерго» АҚ ПТЭЦ-2 (Петропавл қаласы) | 1 982,2 | 1 825,9 | 8,56% |
| 8 | «Бухтарма ГЭС» (Шығыс Қазақстан облысы) | 2 020,7 | 1 358,0 | 48,80% |
| 9 | «Астана-Энергия» АҚ (Астана қаласы) | 1 670,8 | 1 719,7 | -2,84% |
| 10 | «Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ (Тараз қаласы) | 1 531,9 | 1 143,5 | 33,96% |
| 11 | «AES Шүлбі ГЭС» ЖШС (Шығыс Қазақстан облысы) | 1 212,5 | 1 331,0 | -8,91% |
| 12 | «AES Өскемен ГЭС» ЖШС (Шығыс Қазақстан облысы) | 1 137,4 | 845,9 | 34,46% |
| 13 | AES "Өскемен ТЭЦ" (Шығыс Қазақстан облысы) | 876,6 | 801,6 | 9,36% |
| 14 | "Павлодарэнерго" АҚ 2, 3 ЖЭО (Павлодар облысы) | 2 454,7 | 2 441,1 | 0,56% |
| 15 | «3-Энергоорталық» АҚ (Оңтүстік Қазақстан облысы) | 609,1 | 513,2 | 18,69% |
| 16 | "ПККР" АҚ (Құмкөл ГТЭС, Қарағанды облысы) | 519,7 | 501,3 | 3,68% |
| 17 | "Алюминий Казахстана" АҚ ЖЭО (Павлодар облысы) | 1 704,2 | 1 839,9 | -7,37% |
| 18 | Өзге энергия көздері | 18 355,7 | 18 267,4 | 0,48% |
| | **Жиыны:** | **67 789,4** | **67 036,7** | 1,12% |

2014 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Қазақстандағы электр энергиясының негізгі тұтынушыларының ірілері 6 компания төмендегі кестеде келтірілген:

**Элеткр энергиясының ірі тұтынушылары, млн. кВт/сағ**




дереккөзі: «KEGOC» АҚ

**Тарифтер**

Төмендегі кестеден көріп отырғандай, Қазақстандағы халыққа арналған электр энергиясының орташа тарифтері алтыжылдық кезең ішінде 53,8% жоғарылап тұрақты өсімін көрсетіп отыр. Тарифтердің жыл сайынғы жоғарылауы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Шекті тарифтерді бекіту туралы» №392 Қаулысына сәйкес елдегі электр станцияларында босату бағамдарының өсуімен байланысты, сондай-ақ электр энергиясын аймақтық әрі аймақаралық тораптар бойынша таратуға және үлестіру қызметтеріне деген тарифтердің жоғарылауымен байланысты болып отыр. Электр желілерін пайдаланудың ағымды деңгейін ұстауға кететін шығындар, сондай-ақ жаңа жобаларды іске асыруға арналған шығындардың бөлігі осы тарифтерге қосылған.




**Аймақтық нарық**

Павлодар облысындағы электр станцияларының бекітілген қуаттылығы 7 437 МВт құрайды. Облыста 7 электр станциясы жұмыс істеп тұр, солардың жалпы белгіленген қуаттылығы төмендегі кестеде келтіріліп отыр:



2013 жылы Павлодар облысында 2012 жылдың сондай көрсеткішінен 0,7% төмен 41,0 млрд. кВт/сағат электр қуаты генерацияланды. Сондай-ақ облыста жылу энергиясының өндірілуі қысқартылып, 2012 жылдың сондай көрсеткішінен 3,3% кем 16,0 млн. Гкал құрады. 2013 жылдың қорытындысы бойынша Павлодар облысындағы электр қуатының тұтынуы 17,9 млрд. кВт/сағат құрады, Ол облыстың электр энергиядағы өз мұқтаждығын жабатындығын ғана дәлелдемей, еліміздің қалған облыстарының арасында Қазақстан және Ресейдің шектелес аймақтарына электр энергиясын беретін ірі жеткізушінің бірі болып табылады.

**Электр энергияның өндірілуі**

Дереккөзі: ҚР статистика жөніндегі Агенттігі

**Жылу энергиясының өндірілуі**




Дереккөзі: ҚР статистика жөніндегі Агенттігі

«Павлодар облысындағы электр энергиясының тарифы» кестесі электр станцияларында босату бағасының өсуіне сондай-ақ энергия тарататын ұйымдары тарифтерінің өсуіне байланысты тарифтердің жыл сайын 2008 жылдан 100 кВт/сағат үшін 622 теңгеден 930 теңгеге дейін өсуін көрсетеді. 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеткізушілер мен электр энергия өндірушілерінің босататын бағаларының қымбаттауына байланысты Павлодар облысының тұрғындары үшін электр энергияның тарифы 7% өсті. Осылай, тарифтер «Павлодарэнерго» АҚ-да 7,8%-ға, «Екібастұз ГРЭС-2» ЖШС-де 9,6%-ға, «Павлодар РЭК» АҚ-да 18%-ға өсті. Бұдан басқа 2013 жылы «KEGOC» АҚ-ның тарифтері 6,7%-ға өсті.

**Павлодар облысындағы электр энергиясының тарифы**




Дереккөзі: «KEGOC» АҚ

## 3. Саланың болашақтағы даму қатысындағы болжам және осы саладағы эмитенттің ережесі

ҚР индустрия және жаңа технологиялар Министрлігінің (ҚР ИЖТМ) болжамы бойынша 2010 жылы қабылданған электр энергетиканы дамыту Бағдарламасына сәйкес Қазақстанда электр энергияны тұтыну көлемі 2025 жылға қарай 130,2 млрд. кВт/сағатқа дейін өседі, яғни ағымдағы

деңгейден 60% артық емес ғана ұлғаяды. Сарапшылардың болжамы бойынша жалпы тұтыну көлемінің артуы әр бес жыл сайын орташа 14-16% өсетін болады.

| млрд. кВт/сағат | 2015П | 2020П | 2025П |
|---|---|---|---|
| Электр энергияны тұтыну | 100,5 | 116,0 | 130,2 |
| Электр энергияны өндіру | 103,5 | 120,2 | 136,4 |
| Таршылығы (-), артықшылығы (+) | 3,0 | 4,2 | 6,2 |

Дереккөзі: «KEGOC» АҚ мәліметі

Электр энергетикалық саласын дамыту жөніндегі іс-шаралар Жоспарына (Жоспар) сәйкес қолданыстағы 23 электростанция қайта құрылуға, жаңартылуға және ұлғайтылуға тиіс. Осы ұлғаю есебінен станцияның белгіленген қуаты 2,7 млрд. кВт/сағатқа артады.

**Станцияның белгіленген қуаты**




Дереккөзі: Эмитенттің мәліметері

**Жылу энергиясының өндірілуі**




Дереккөзі: Эмитенттің мәліметері бойынша

